АМӨЗ ӘЛЕМІ

13 қараша
2026 жыл
ЖҰМА
№22 (4609)

«АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ

1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

WWW.ANPZ.KZ



Экологиялық жауапкершілік – басты назарда

Атырау мұнай өңдеу зауытында қоршаған ортаға әсерді азайту және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Осы мақсатта 30 қазанда кәсіпорында 2026-2029 жылдарға арналған әсер етуге экологиялық рұқсат алу мәселелері бойынша дөңгелек үстел өтті.

Жиынға мемлекеттік органдардың, қоғам өкілдері, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері, экологтар және зауыт мамандары қатысты. Кездесуде атмосфераға шығарындылар мен ағынды су төгінділерінің нормативтері, қалдықтарды басқару, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламалары және табиғат қорғау шаралары таныстырылды.

Айта кетейік, әсер етуге экологиялық рұқсат пен кешенді экологиялық рұқсат – экологиялық реттеудің екі бөлек тетігі. Кешенді экологиялық рұқсат ең үздік қолжетімді техникаларды қолдануға және қоршаған ортаға әсерді кешенді реттеуге негізделсе, әсер етуге экологиялық рұқсат кәсіпорынның шығарындылары мен төгінділерінің нормативтерін, экологиялық бақылау және табиғат қорғау шараларын қамтиды.

Ұсынылған мәліметтерге сәйкес, 2020-2025 жылдар аралығында атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының жылдық лимиті 20,12 мың тоннадан 15,64 мың тоннаға дейін, яғни 22,3 пайызға төмендеген. Ал 2029 жылға қарай сұратылатын лимитті 15,26 мың тоннаға дейін азайту көзделіп отыр.

Қалдықтарды басқару бағдарламасы аясында 2026 жылы 82,4 мың тонна деңгейінде жоспарланған қалдық көлемін 2029 жылға қарай 79,3 мың тоннаға дейін қысқарту қарастырылған. Кәсіпорында қалдықтар түрлеріне қарай бөлек жиналып, өңдеу және кәдеге жарату үшін мамандандырылған ұйымдарға жіберіледі.

Зауытта қоршаған ортаның жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізіледі. Атмосфераға шығарындыларды бақылайтын автоматтандырылған жүйелер деректерді тәулік бойы әр 20 минут сайын жолдайды. Сонымен қатар топырақ пен жерасты суларының сапасы зертханалық бақылауда.

2026-2029 жылдарға арналған табиғат қорғау шараларының қатарында ағынды су көлемін азайту, санитариялық-қорғау аймағын көгалдандыру, қалдықтарды уақтылы өңдеуге жіберу және өндірістік инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары бар.

Дөңгелек үстелде ұсынылған бастамалар зауыттың қоршаған ортаға әсерін кезең-кезеңімен азайтуға, экологиялық бақылауды жетілдіруге және табиғат қорғау талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Птичий мир рядом с городом

2

Қаржылық сауаттылық – болашаққа жасалған қадам

2

ЖАҢА БАСТАМА

Қаржылық сауаттылық – болашаққа жасалған қадам

Жалақыны қалай дұрыс жоспарлауға болады? Ақша жинауды неден бастаған жөн? Инвестиция салу үшін қомақты қаражат қажет пе? Осы сұрақтарға бірге жауап іздеуді мақсат еткен Атырау мұнай өңдеу зауытының жас мамандары Нұратхан САҒАТЖАНОВ, Мәди ЗИНОЛДИЕВ және Әлия ҚАДЫРҒАЛИЕВА Atyrau Investment Club қаржылық сауаттылық клубын құрды.

Жас мамандардың бастамасы «Самұрық-Қазына» компаниялар тобы жастары арасында білім беру және қызығушылық клубтарын дамыту идеясымен ұштасады. Клубтың мақсаты – жеке қаржыны басқару, жинақ қалыптастыру және инвестициялау туралы білімді көпшілікке қолжетімді ету.

@INVESTMENT_CLUB_ATYRAU

17 қазанда Atyrau Creative Hub алаңында клубтың алғашқы кездесуі өтті. Қатысушылар табыс пен шығынды жоспарлау, қаражат жинау және инвестициялаудың негізгі қағидаларын талқылады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, алғашқы кездесуге санаулы адам келгенімен, артынша кездесуге 30-ға жуық адам қатысқан. Ал екі апта ішінде клубтың WhatsApp қауымдастығына қосылғандар саны 100-ге жуықтаған. Atyrau Investment Club кездесулеріне жасына және қаржылық білім деңгейіне қарамастан кез келген адам тегін қатыса алады. Алдағы кездесулер туралы ақпарат клубтың Instagram парақшасында жарияланады.

Кездесулердің басты ерекшелігі – қатысушылардың өздерін қызықтырған тақырыптарды ұсына алуы. Мәселен, олардың сұранысы бойынша зейнетақы жинақтарын инвестициялық басқаруға беру мәселесі қарастырылған. Сондай-ақ банк саласында он жылға жуық тәжірибесі бар маман қарызды басқару және қаржылық қиындықтардың алдын алу жолдары туралы тәжірибесімен бөліскен.

– Біз мамандық алып, жұмыс істеп, табыс табамыз. Бірақ сол табысты қалай дұрыс басқаруды әрдайым біле бермейміз. Қаржылық сауаттылық ең алдымен кіріс пен шығысты бақылаудан, жинақ қалыптастырудан басталады. Біздің мақсатымыз – адамдар еркін сұрақ қойып, тәжірибе алмасып, өз қаржысына қатысты саналы шешім қабылдай алатын орта құру,



– дейді клубтың негізін қалаушылардың бірі Нұратхан Сағатжанов.

Клубта депозиттер, акциялар, облигациялар және басқа да инвестициялық құралдар туралы ақпарат беріледі. Алайда ұйымдастырушылар нақты қаржы құралдарын сатып алуға кеңес бермейді. Негізгі ұстаным – әр адамның тәуекелдерді түсініп, қаржылық шешімді өз бетінше қабылдауы.

Алдағы уақытта ұйымдастырушылар қор нарығы, инвестициялық портфель қалыптастыру, тәуекелдерді бағалау және қаржы пирамидаларынан сақтану тақырыптарын қамтуды жоспарлап отыр. Бұған дейін жасанды интеллект бағытындағы клубпен бірлескен кездесу өткізіліп, заманауи технологиялар арқылы кіріс пен шығысты есепке алуды жеңілдету тәсілдері таныстырылған. Жас мамандардың бастамасы SK Jastary Talents 2026 өңірлік тұжырымдамасының «Оқыту және коммуникациялар» бағытымен үндеседі. Ұйымдастырушылар клубты тұрақты кездесетін, бір-бірінің дамуына үлес қосатын қауымдастық ретінде көргісі келеді. Бастапқы тақырыптардан күрделі мәселелерге біртіндеп өтетін оқу бағдарламасын қалыптастырып, тәжірибелі мамандарды шақырып, басқа клубтармен бірлескен кездесулер өткізу туралы жоспарлар бар. Тіпті мүмкіндік болса, осындай клубтарды басқа қалаларда да дамыту көзделіп отыр.

ТАҒАЙЫНДАУЛАР



Бас директордың 2026 жылғы 2 қарашадағы №323к бұйрығымен «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС мұнай өнімдерін құю өндірісінің бастығы лауазымына **Суханберлин Жәнібек Мұратұлы** тағайындалды.

Білімі: 2004 жылы Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін «Мұнай және газ кен орындарын игеру және пайдалану» мамандығы бойынша тәмамдаған. 2026 жылы Атырау мұнай және газ университетін «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек қызметі: 1993 жылдан бастап Атырау мұнай өңдеу зауытында еңбек етеді. Кәсіпорындағы жалпы еңбек өтілі – 33 жыл.

ЭКОЛОГИЯ

Птичий мир рядом с городом

Совсем рядом с шумными улицами Атырау привычный городской пейзаж внезапно сменяется водной гладью, и вдруг открывается удивительный мир природы... на прудах-испарителях!

Среди тысяч перелётных птиц здесь можно увидеть грациозных лебедей, многочисленные стаи уток и редкие виды пернатых. Для одних эти водоёмы становятся временной остановкой на пути к местам зимовки, для других – привычной средой обитания.

Убедиться в этом смогли простые горожане, участники birdwatching. Вместе с экологами и орнитологами они наблюдали за водоплавающими и околоводными птицами, знакомились с их повадками и узнавали, почему пруды-испарители играют важную роль на пути сезонной миграции.

По словам международного эколога Тилля ДИТРИХА, в настоящее время на водоёмах насчитывается более 20 тысяч перелётных птиц. Основную часть составляют лысухи, также здесь встречаются различные виды уток, среди которых особенно многочисленны широконоски. Кроме того, на прудах можно увидеть несколько сотен лебедей-шипунов.

«Мы ведём наблюдения уже три дня, и каждый день количество птиц превышает 20 тысяч. Это важный показатель, поскольку одним из критериев международного значения водно-болотных угодий является регулярное пребывание на них не менее 20 тысяч водоплавающих и околоводных птиц», – рассказал Тилль Дитрих.

Эколог Тилль Дитрих и **орнитолог Досымжан НУРМАГАМБЕТОВ** сходятся во мнении, что пруды-испарители обладают признаками водно-болотных угодий международного значения и могут соответствовать критериям Рамсарской конвенции.

Рамсарская конвенция – международное соглашение, принятое в 1971 году в иранском городе Рамсар и направленное на сохранение и рациональное использование водно-болотных угодий, особенно важных для водоплавающих птиц. Один из ключевых критериев для включения территории в Рамсарский список – регулярное пребывание на ней не менее 20 тысяч водоплавающих и околоводных птиц.

По мнению специалистов, результаты наблюдений свидетельствуют о высокой экологической ценности прудов-испарителей и дают основания для дальнейшего изучения возможности их международного признания. Особое внимание Тилль Дитрих уделил редким видам птиц. На территории прудов обитает и гнездится савка – вид, занесённый в Красную книгу Казахстана. Также здесь встречаются каравайка, лебедь-кликун, который появляется во время перелётов, и орлан-белохвост. Несколько особей последнего специалисты наблюдали во время обследования территории.

Как отметил Тилль Дитрих, Атырауский регион находится на одном из важных направлений Центрально-Азиатского миграционного пути птиц. Через Каспийское море птицы продолжают свой путь к местам зимовки в Индии, странах Аравийского полуострова и Африки.



О том, каких птиц удалось увидеть непосредственно во время экскурсии, рассказала **гид и бердвотчер Юлия ВАХМЕЙСТЕРОВА**.

«Сегодня мы наблюдали несколько видов водоплавающих и околоводных птиц. Среди них были лебеди-шипуны, лысухи, большие поганки и круглоносый плавунчик, который остановился здесь по пути к местам зимовки. Весной, в апреле, на этих прудах отмечалось большое скопление плавунчиков, направлявшихся в тундру на гнездование. А сегодня нам удалось увидеть одного представителя этого вида», – поделилась Юлия.

По её словам, сейчас на прудах наблюдается особенно большое скопление лысух – порядка 17 тысяч особей. Участники также заметили нескольких болотных луней – хищных птиц, которые охотятся в том числе на водоплавающих, включая лысух.

Не меньшее впечатление экскурсия произвела и на самих участников. Для многих стало неожиданностью, что настолько богатый птичий мир можно увидеть практически в черте города.

«Честно говоря, я даже не представляла, что пруд окажется таким огромным. Особенно удивительно видеть лебедей и других птиц прямо на фоне города. Оказывается, совсем необязательно куда-то далеко ехать, чтобы открыть для себя что-то необычное. Исследуйте свой город, ведь никогда не знаешь, какие удивительные места можно найти рядом», – поделилась впечатлениями участница экскурсии Гульмира.

Состоявшаяся экскурсия ещё раз показала, что удивительные природные открытия порой ждут совсем рядом – стоит лишь внимательнее присмотреться к окружающему миру.

ЖАСТАР

OiLeaders: жас мамандарға жаңа мүмкіндік

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның OiLeaders корпоративтік бағдарламасы аясында Атырау мұнай өңдеу зауытының жас мамандары Ақтау қаласында өткен алғашқы оқу модуліне қатысты. Үш күнге созылған бағдарлама қатысушыларға көшбасшылық қабілеттерін дамытуға, тәжірибе алмасуға және кәсіби міндеттерге жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік берді.

OiLeaders бағдарламасы мұнай-газ саласындағы болашақ көшбасшыларды даярлауға, жас мамандардың кәсіби және жеке әлеуетін арттыруға бағытталған. 20-22 қазан аралығында өткен оқуға ҚМГ компаниялар тобынан конкурстық іріктеуден өткен 100 жас маман қатысты. Жалпы бағдарламаға 435 қызметкер өтінім берген. Іріктеуден сәтті өткендердің қатарында Атырау мұнай өңдеу зауытының қызметкерлері де бар.

Бағдарламаның ашылуында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов білікті кадрлар даярлау компанияның негізгі басымдықтарының бірі екенін атап өтті. Оның айтуынша, өндірісте цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні қолдану кеңейген сайын мамандардың жүйелі ойлау, бастамашылық таныту және өзгерістерге бейімделу қабілеттері ерекше маңызға ие болуда.

Алғашқы оқу модулі жеке тиімділікті арттыру, сыни және жүйелі ойлау, тәуекелдерді бағалау, өзгерістерді басқару және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға арналды. Қатысушылар теориялық біліммен шектелмей, практикалық тапсырмалар орындап, нақты жағдайларды талдап, топтық жұмыстар арқылы өзара тәжірибе алмасты.

Бағдарлама аясында жас мамандар Дунга кен орны мен Ақтау теңіз сауда портына барып, өндірістік нысандардың жұмысымен танысты. Бұл сапарлар қатысушыларға мұнай-газ саласының түрлі бағыттарын жақынырақ танып, кәсіби көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік берді.

OiLeaders бағдарламасы биыл тамыз айында Астана қаласында өткен ҚазМұнайГаз жастар форумының жалғасы болып табылады. Форумға 200 жас маман қатысып, олардың арасынан 100 қызметкер келесі оқу кезеңіне жолдама алған болатын. Бағдарлама қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен 20 жас маманды ҚМГ-ның кадр резервіне енгізу ұсынылады.

Атырау МӨЗ қызметкерлері үшін бұл оқу жаңа білім алумен қатар, әріптестермен кәсіби байланыс орнатуға, өз мүмкіндіктерін бағалауға және алған тәжірибесін күнделікті жұмыста қолдануға жол ашты.



ҚАТЫСУШЫЛАР ПІКІРІ

«Жұмысымызға жаңаша қарауды үйрендік»

Рахымжан Рахимов, технологиялық қондырғы операторы:



«OiLeaders мен үшін үлкен тәжірибе мектебі болды. Үш күн ішінде өз жұмысымыздың компанияның жалпы нәтижесіне қалай әсер ететінін түсініп, мәселелердің түпкі себептерін анықтауды, тәуекелдерді бағалауды және басымдықтарды дұрыс белгілеуді үйрендік. Оқу тек дәріспен шектелмей, командалық тапсырмалар мен тәжірибелік ойындар арқылы өтті. Әсіресе Дунга кен орны мен Ақтау теңіз сауда портына барғанымыз ерекше әсер қалдырды. Өзге кәсіпорындардың жұмысын көзбен көру кәсіби тұрғыдан көп нәрсе үйретті. Алған білімімді күнделікті жұмысымда қолдануға ниеттімін».

«Бір мақсатқа ұмтылған жастарды біріктірді»

Тұрсынгүл Жантілеуова, ИЦ «ЦЗЛ» химиялық талдау лаборанты:

«OiLeaders біз үшін тек оқу бағдарламасы ғана емес, жаңа мүмкіндіктер мен пайдалы таныстықтардың алаңы болды. Түрлі кәсіпорындардан келген жас мамандармен тәжірибе алмасып, ортақ тапсырмаларды бірге орындадық. Тренингтер барысында бір-бірімізді тыңдауды, командамен тиімді жұмыс істеуді және мәселелерге тың шешім іздеуді үйрендік. Осындай бағдарламалар жас мамандардың өзіне деген сенімін арттырып, жаңа бастамаларға жігерлендіреді. Бізге осындай мүмкіндік берген ҚазМұнайГаз бен Атырау МӨЗ-ге алғысымды білдіремін».



«435 үміткердің арасынан таңдалғаныма қуандым»

Карина Кинжеева, ИСМ ішкі бақылау жөніндегі жетекші маман:



«Шынымды айтсам, 435 үміткердің арасынан іріктелген 100 қатысушының бірі боламын деп күтпедім. Сондықтан бұл мүмкіндік мен үшін ерекше қуанышты болды. Ақтаудағы алғашқы модуль өзімді жаңа қырымнан танып, көшбасшылық және қарым-қатынас дағдыларымды дамытуға көмектесті. Әсіресе пікірлес жастармен танысып, тәжірибе алмасқанымыз және өндірістік нысандарды аралағанымыз ұнады. Бағдарламадан жаңа біліммен, жақсы әсермен және тың идеялармен оралдым. Алда әлі талай қызықты кезең күтіп тұрғанына сенемін».

КУЛЬТУРА БЕЗОПАСНОСТИ

«АМАН»: Итоги III квартала



По итогам июля – сентября определены лучшие подразделения и сотрудники АНПЗ, особо отличившиеся знаниями правил безопасности в рамках проекта «АМАН».

В конкурсе приняли участие 90 сотрудников из 14 подразделений завода. Они прошли онлайн-тестирование из 50 вопросов по жизненно важным правилам безопасности.

По итогам конкурса звание «Лучшее производство по охране труда и технике безопасности» получил цех водопотребления, а «Лучшей лабораторией» признана санитарно-промышленная лаборатория ЦЗЛ. Кроме того, за высокие результаты отмечены 31 работник предприятия.

В тройку лидеров вошли **электромонтёр электроцеха Эдуард НИГМЕТОВ**, набравший максимальные 50 баллов; **машинист насосной градирни турбинного цеха Исламбек ҚАЙЫРБАЕВ** с результатом 48 баллов и **оператор технологической установки УПНК Альберт ВАЛИНУРОВ**, набравший 47 баллов.

Напомним, что проект «АМАН» помогает укреплять культуру безопасности на предприятии, поощрять ответственное отношение к работе и напоминать, что безопасность каждого сотрудника зависит от соблюдения установленных правил.

ЕҢБЕККЕ КӨРСЕТІЛГЕН ҚҰРМЕТ

Атырау мұнай өңдеу зауытында өз ісіне адалдығымен, кәсіби шеберлігімен және жауапты еңбегімен ерекшеленген қызметкерлер марапатталды. Түрлі өндірістік бөлімшелер мен зауыт басқармасының мамандарына салалық, ведомстволық, ұлттық компанияның және жергілікті атқарушы органдардың марапаттары табысталды.

Мұнай өңдеу зауытының тұрақты жұмысы – әр салада еңбек ететін мамандардың ортақ жетістігі. Технологиялық қондырғылар операторлары, машинистер, инженерлер, зертхана қызметкерлері мен өзге де мамандар күн сайын өндірістік үдерістердің үздіксіз жүруіне, жабдықтардың сенімді жұмыс істеуіне және өнім сапасын қамтамасыз етуге үлес қосып келеді. Әр қызметкердің еңбегінің еленуі зауыт ұжымы үшін мақтаныш.



ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ МАРАПАТТАРЫ

«Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі

• **Сабрғали Гумаров** – мұнайды терең өңдеу өндірісінің күрделі жөндеу жұмыстарын жоспарлау жөніндегі жетекші инженері

«Мұнай-газ саласының үздігі» төсбелгісі

• **Исатай Макуов**– қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің жетекші инженері

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Құрмет грамотасы

• **Кенже Джанзакова** – мұнай және мұнай өнімдері балансы бөлімінің бастығы

• **Мұратбек Толбай** – мұнай жеткізушілермен жұмыс және мұнай өнімдерін жөнелту бөлімінің бастығы

• **Тұрарбек Росламбекұлы** – тазарту құрылыстары және өнеркәсіптік кәріз цехы бастығының орынбасары

• **Гүлшат Курмашева** – мұнай жеткізушілермен жұмыс және мұнай өнімдерін жөнелту бөлімі бастығының орынбасары

• **Ағзам Жахан** – жүк жұмыстары жөніндегі бас маман

• **Тұрлан Оразғалиев** – гидрогенизациялық процестер өндірісінің технологиялық операторы

• **Айбек Салимгереев** – еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі бастығының міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Алғыс хаты

• **Жандос Бөлекбаев** – мемлекеттік органдармен және мердігер ұйымдармен жұмыс бөлімінің бастығы

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ МАРАПАТТАРЫ

«Үздік мұнай-газ өңдеуші» төсбелгісі

• **Дастанбек Демешев** – хош иісті көмірсутектер өндірісінің бастығы

• **Ерлан Байдуллин** – мұнайды терең өңдеу өндірісінің технологиялық сорғылар машинисі

• **Павел Байрамов** – гидрогенизациялық процестер өндірісінің технологиялық қондырғы операторы

• **Мансур Бтималиев** – гидрогенизациялық процестер өндірісінің бензинді сутекпен тазарту және изомерлеу қондырғысы бастығының орынбасары

• **Бауыржан Бекешев** – гидрогенизациялық процестер өндірісінің өндіріс бастығының орынбасары

• **Кази Таскулов** – мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін терең күкіртсіздендіру өндірісінің технологиялық қондырғы операторы

• **Александр Карташев** – динамикалық жабдықтар жөніндегі бас механиктің орынбасары

• **Қайрат Иманбаев** – өндірістік бақылау департаменті директорының орынбасары

• **Асылхан Жұмабеков** – техникалық бөлім бастығының инновациялық қызмет жөніндегі орынбасары

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының естелік белгісі

• **Лариса Авдеева** – бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика цехының слесарі

• **Жанайыс Тажмағамбетов** – электр цехының тарату желілерін пайдалану жөніндегі электр монтері



«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының Құрмет грамотасы

• **Асылбек Берсенғалиев** – жөндеу-механикалық цехының зертхана бастығы

• **Нұргүл Қасанова** – орталық зауыт зертханасының химиялық талдау зертханашысы

• **Мұрат Шангереев** – бас метролог – бөлім бастығы

• **Иван Безбородый** – бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика цехы бастығының орынбасары

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының Алғыс хаты

• **Алдияр Бағытжан** – бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика цехының инженер-бағдарламашысы

• **Саламат Сариев** – бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика цехының слесарі

• **Серік Дәулетияров** – бас метролог бөлімінің жетекші инженер-метрологы

• **Асылбек Аманов** – Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика жөніндегі жетекші маманы

ӘКІМДІКТЕРДІҢ МАРАПАТТАРЫ

Атырау облысы әкімінің Алғыс хаты

• **Меруерт Өмірбекова** – мұнай өнімдерін өндіру және тасымалдау өндірісінің есепке алу жөніндегі операторы

• **Дүйсенбай Сидиханов** – мұнай өнімдерін құю өндірісінің эстакада аға операторы

Атырау қаласы әкімінің Алғыс хаты

• **Айбар Джуралиев** – технологиялық сорғылар машинисі

• **Ануар Серікбаев** – өндірістік активтерге техникалық қызмет көрсету және жөндеуді басқару департаментінің директоры

• **Серік Тауманов** – хош иісті көмірсутектер өндірісінің технологиялық қондырғы операторы

КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ МАРАПАТТАРЫ

«Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісі

• **Рулан Ажигалиев** – күрделі құрылыс департаментінің директоры

• **Ғалым Хамзаев** – мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін терең күкіртсіздендіру өндірісінің технологиялық қондырғы операторы

«Мұнай-газ химия саласына қосқан үлесі үшін» медалі

• **Ауғанбай Кузенбаев** – жылу және электр энергиясы өндірісінің конденсатты жинау және тазарту жөніндегі операторы

«Мұнай-газ саласы үздігі» төсбелгісі

• **Алексей Коновалов** – кокс және күкірт өндірісінің технологиялық қондырғы операторы

Солай-ақ, зауыт ардагерлері де назардан тыс қалмады. Көп жылдық адал еңбегімен кәсіпорынның дамуына үлес қосқан ардагерлер бірқатар марапаттарға ие болды.

Энергетика Министрлігінің «Еңбек ардагері» медалі

• **Консбай Базарбаев** – Атырау МӨЗ зейнеткері

• **Анатолий Денисенко** – Атырау МӨЗ зейнеткері

• **Алия Султангалиева** – Атырау МӨЗ зейнеткері

• **Юрий Яшков** – Атырау МӨЗ зейнеткері

Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ химия саласының ардагері» төсбелгісі

• **Сания Мендибаева** – Атырау МӨЗ зейнеткері

Марапаттау рәсімі зауыт қызметкерлерінің еңбегіне көрсетілген құрметтің айқын көрінісіне айналды. Әр марапаттың артында жылдар бойғы тәжірибе, кәсіби ізденіс, жауапкершілік пен өз ісіне деген адалдық жатыр. Атырау мұнай өңдеу зауытының ұжымы марапат иелерін құттықтап, алдағы жұмыстарына табыс, отбасыларына амандық және жаңа кәсіби жетістіктер тілейді.

СПОРТ

АРДАГЕРЛЕР ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Республика күніне орай Атырау қаласында 50 жастан асқан ардагерлер арасында волейболдан жарыс өтті. №5 балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде ұйымдастырылған турнирге алты команда қатысып, өзара мықтыны анықтады. Тартысты бәсекеде Атырау мұнай өңдеу зауытының ардагерлер командасы екінші орынды иеленді. Бірінші орын «Силлено» ЖШС командасына бұйырса, үздік үштікті «Рауан NTEX» командасы түйіндеді.

Жарысты Атырау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі ұйымдастырды. Қатысушылар алаңда шеберліктерін көрсетіп қана қоймай, спортқа деген қызығушылықтың жасқа қарамайтынын дәлелдеді. Әр кездесу командалардан ұйымшылдықты, жылдам шешім қабылдауды және өзара түсіністікті талап етті.

Атырау МӨЗ құрамында өнер көрсеткен Сабырғали Гумаров зауытта 24 жылдан бері еңбек етеді. Ол бала кезінен волейбол ойнап, республикалық және облыстық жарыстарға, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» спартакиадасы сынды турнирлерге қатысқан. Ол – Атырау МӨЗ ардагерлер командасын жасақтауға, оның спорттық жарыстарға қатысуын ұйымдастыруға, сондай-ақ ардагерлер арасындағы волейбол жарыстарын өткізуге елеулі үлес қосып келеді.



Оның айтуынша, турнирдің ең есте қаларлық сәттерінің бірі «Рауан NTEX» командасымен өткен жартылай финалдық кездесу болған. Қарсыластар арасындағы ойын соңына дейін тартысты өтіп, спортшыларға ерекше әсер қалдырған.

«Жарыстан алған әсерім өте жақсы. Әсіресе, жартылай финалдағы ойын қиын әрі қызықты болды. Мүмкіндік туған сайын осындай жарыстарға қатысуға тырысамыз», – дейді Сабырғали Гумаров.

Айта кетейік, Атырау облысында былтырдан бері ардагерлер волейбол лигасы өткізіліп келеді. Атырау мұнай өңдеу зауытының командасы бұл жарыстарға тұрақты қатысып, спорттық белсенділігін сақтап жүр. Қазір ардагер волейболшылар қараша айында өтетін лиганың кезекті айналымына дайындалуда. Команда мүшелері алдағы кездесулерде де лайықты ойын көрсетуді көздейді. Олар үшін мұндай турнирлер тек жүлде үшін күрес емес, әріптестермен арадағы байланысты нығайтып, ортақ қызығушылық төңірегінде бас қосуға мүмкіндік беретін маңызды шара. Волейбол ардагерлердің күнделікті өміріне сергектік сыйлап, өзара қолдау мен командалық рухты күшейтеді. Алдағы жарысқа дайындық та осы ынта мен жауапкершіліктің жалғасы.

Ардагерлер арасындағы осындай кездесулер спорттық дәстүрді жалғастырып, жас ұрпаққа үлгі бола алады. Әр ойын тәжірибе алмасуға, достық қарым-қатынасты сақтауға және келесі бәсекеге тың серпінмен дайындалуға жол ашады.

«АМӨЗ ӘЛЕМІ» басылымы №22.
13 қараша 2026 жыл.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, Қабдолов к-сі, 1
тел.: 8 (7122) 25-91-75.

Газет «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Орал қ., Л. Толстой к-сі, 27/6.
Байланыс нөмірі:
50-51-46, 51-41-99.
Тиражы: 1500 дана.
Тапсырыс №4609.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ бастығы – Ш.Какимжанова.
Caspian News ЖШС:
жетекшісі – К. Кертаев.
Редакторлар – Ж. Бисенова, А.Ж. Сағынғали.
Суретке түсіруші – Б. Амантаев.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2024 жылғы 23 ақпанда тіркеліп, тіркеу туралы №KZ18VPY00088072 куәлігі берілген.

Газет редакциясы жарнама материалдары мен хабарландырулар, құттықтаулар және көңіл айту мазмұнына жауап бермейді.

АМӨЗ ӘЛЕМІ